Қазақстан Республикасы Астана қаласы әкімдігінің "Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі" ШЖҚ МКК		Республика Казахстан ГКП на ПХВ "Школа искусств №1 имени Тәттімбет" акимата города Астана
БҰЙРЫҚ		**ПРИКАЗ**

2026 жылғы «27» сәуір
Астана қаласы

№ 49 н/қ
город Астана

Жолаушыларды тасымалдау бойынша автобус қызметтерін бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу туралы

Негіздеме:

2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркендеген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасы және 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасы, Астана қаласы бойынша жолаушыларды (оқушыларды) тасымалдауды ұйымдастыру қажеттілігі туралы қабылданған шешіміне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жолаушыларды тасымалдау бойынша автобус қызметтерін шарт сомасы 700 000 теңге бір көзден тікелей шарт жасау арқылы сатып алынсын.
2. Бұл қызметтерді сатып алу туралы барлық қажетті жұмыстарды және тікелей шарт жасауды мемлекеттік сатып алу маманы жүзеге асырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **А. Сүлеймен**

ШЕШІМ

2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркендеген қоғам» атап көрсетілген:

«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру қажет. Негізгі басымдық – тауарлар мен қызметтердің төмен бағасы емес, сапасы».

Жолаушыларды тасымалдау бойынша автобус қызметтерін бір көзден сатып алу қажеттілігін қарастырған кезде, бұл қызметтер біртекті болып табылады және оны тек арнайы құзыреті бар жеткізуші ғана ұсына алады.

Бәсекелестік рәсімдер арқылы сатып алу тиімді емес, өйткені бұл қосымша уақыттық және әкімшілік шығындарға әкеліп, нәтиженің сапасын арттырмайды. Келісім шартты тікелей жасау **ЖҚ Партнер** үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұл Президент Жолдауында көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасын қамтамасыз ету басымдылығына сәйкес келеді.

Осыған орай және 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының №106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасы және 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес:

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Жолаушыларды тасымалдау бойынша автобус қызметтерін бір көзден тікелей шарт жасау арқылы сатып алынсын.

Директор **А.Б.Сүлеймен**